Әлеуметтік педагогтың ІІ жарты жылдық есебі

2025–2026 оқу жылының ІІ жарты жылдығында әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспарына сәйкес оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тәрбиелік бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

Жоспарға сәйкес оқушылар арасында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылып, балаларға зорлық-зомбылықтың түрлері, оның алдын алу жолдары және көмек сұрау тәсілдері туралы ақпараттар берілді. Іс-шара барысында оқушылар өз ойларын айтып, өмірлік жағдаяттарға байланысты пікір алмасты. Сонымен қатар балалардың құқықтарын қорғау, қауіпсіз орта қалыптастыру мәселелері кеңінен түсіндірілді.

Оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру мақсатында «Мен және менің дінге көзқарасым» тақырыбында сауалнама мен әңгімелесу өткізілді. Іс-шара барысында дәстүрлі діннің маңызы, діни экстремизм мен теріс ағымдардың зияны түсіндірілді. Оқушыларға дұрыс діни көзқарас қалыптастыру бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізілді.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Адам денсаулығына зиянды заттар» және «Шылым шегудің зияны» тақырыптарында

әңгімелесу өткізілді. Оқушыларға темекі, алкоголь, есірткі және басқа да зиянды заттардың адам ағзасына тигізетін зияны туралы түсіндіріліп, денсаулықтың адам өміріндегі басты құндылық екені айтылды. Оқушылар белсенді қатысып, өз пікірлерін ортаға салды.

Құқықтық тәрбие беру мақсатында ≪Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды≫ тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушыларға Қазақстан Республикасының заңдары, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, құқық бұзушылықтың салдары туралы мәліметтер берілді. Сонымен қатар құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

≪Бала құқығы – адам құқығы≫ тақырыбында ақпараттық жұмыстар ұйымдастырылып, Бала құқықтары туралы Конвенция негізінде түсіндірме жүргізілді. Оқушылар өз құқықтары мен міндеттері туралы мағлұмат алып, құқықтарын қорғау жолдарымен танысты.

Мектепішілік есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстар тұрақты түрде жүргізілді. Әлеуметтік жағдайын бақылау, мінез-құлқын түзету және тәрбиелік бағытта көмек көрсету мақсатында оқушылармен және олардың ата-аналарымен жеке әңгімелер өткізілді. Сонымен қатар тұрмыстық жағдайларын анықтау мақсатында үйге бару жұмыстары ұйымдастырылып, тиісті актілер толтырылды. ЖБУ жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың сабаққа қатысуымен тәртібі үнемі

бақылауда болды.

Жалпы II жарты жылдықта әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар жоспарға сәйкес орындалып, оқушылардың құқықтық, рухани және әлеуметтік тәрбиесін нығайтуға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылды.